

Халықаралық аудитордың қызметтер көрсетуін тарту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 29 желтоқсан N 1419

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес, мемлекеттің мүддесін қорғау және "Павлодар мұнай өңдеу зауыты" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакеті мен мүліктік кешенін "CCL Oil Ltd" компаниясының басқаруы және пайдалануы мәселелері бойынша аудиторлық қорытынды дайындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Ernst&Young" компаниясы халықаралық аудиттің маңызды стратегиялық мәні бар ретіндегі қызметтер көрсетуін жеткізуші деп белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен "Ernst&Young" аудиторлық компаниясымен "CCL Oil Ltd" компаниясын басқару кезеңінде "Павлодар мұнай өңдеу зауыты" акционерлік қоғамының аудитін жүргізу бойынша қызметтер көрсетуді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне "Ernst&Young" аудиторлық компаниясының болашақтағы шығыстары есебіне аванс төлеу үшін 2002 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою мен өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 50000 (елу мың) АҚШ долларына баламалы сомада қаражат бөлінсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдалануын бақылауды жүзеге асырсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі